

**"Тұрмысы төмен азаматтарға тұрғын үй көмегін көрсету тәртібі туралы ереже"
2005 жылғы 3 наурыздағы N 12/4 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу
туралы**

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қалалық мәслихатының 2008 жылғы 10 шілдедегі N 8/7 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Өскемен қалалық Әділет басқармасында 2008 жылғы 24 шілдеде N 5-1-88 тіркелді. Күші жойылды - ШҚО Өскемен қалалық мәслихатының 2010 жылғы 23 шілдедегі N 26/4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - ШҚО Өскемен қалалық мәслихатының 2010.07.23 N 26/4 шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6 бабына , "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 97 бабына , Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасында тұрғын үй-коммуналдық саланы дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" 2006 жылғы 15 маусымдағы N 553 қаулысына сәйкес Өскемен қалалық мәслихаты
ШЕШТІ:

1. Өскемен қалалық мәслихатының " Тұрмысы төмен азаматтарға тұрғын үй көмегін көрсету тәртібі туралы ереже " 2005 жылғы 3 наурыздағы N 12/4 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2223 нөмірімен тіркелген, 2005 жылғы 26 наурыздағы "Дидар" газетінің N 30-31, 2005 жылғы 19 наурыздағы "Рудный Алтай" газетінің N 42-43 сандарында жарияланған); "Тұрмысы төмен азаматтарға тұрғын үй көмегін көрсету тәртібі туралы ереже" 2005 жылғы 3 наурыздағы N 12/4 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2007 жылғы 21 маусымдағы N 34/3 шешімімен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5-1-63 нөмірімен тіркелген, 2007 жылғы 26 шілдедегі "Дидар" газетінің N 88-89, 2007 жылғы 28 шілдедегі "Рудный Алтай" газетінің N 113 сандарында жарияланған); "Тұрмысы төмен азаматтарға тұрғын үй көмегін көрсету тәртібі туралы ереже" 2005 жылғы 3 наурыздағы N 12/4 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2007 жылғы 29 қарашадағы N 3/5 шешімімен(нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5-1-73 нөмірімен тіркелген, 2007 жылғы 29 желтоқсандағы " Дидар" газетінің N 158-159, 2007 жылғы 22 желтоқсандағы "Рудный Алтай" газетінің N 190-191 сандарында жарияланған), "Тұрмысы төмен азаматтарға

тұрғын үй көмегін көрсету тәртібі туралы ереже" 2005 жылғы 3 наурыздағы N 12 /4 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2008 жылғы 17 сәуірдегі N 6/9 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5-1-83 нөмірімен тіркелген, 2008 жылғы 15 мамырдағы "Дидар" газетінің N 63, 2008 жылғы 15 мамырдағы "Рудный Алтай" газетінің N 72 сандарында жарияланған) шешімімен енгізілген өзгерістерімен келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

1 8 т а р м а қ т а ғ ы :

3 тармақшаның екінші абзацындағы "жеке меншік шаруашылықтары бар екендігі жайлы мәліметтер (жылына бір рет немесе өзгерістер болғанда)" сөздері алынып тасталсын;

1 8 . 1 т а р м а қ т а ғ ы :

1) тармақша алынып тасталсын;

3) тармақша жаңа редакцияда жазылсын:

"3) кондоминиум объектісін басқару органы мен жөндеу жұмыстарын жүргізуші ұйым арасында жасалған кондоминиум объектілерінің ортақ мүліктеріне күрделі жөндеу жүргізу шарты (көшірме)";

4) тармақша "Өскемен қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" ММ өкілімен расталған" сөздерімен толықтырылсын.

2. Осы шешім бірінші ресми жарияланғаннан кейінгі он күнтізбелік күннен соң қолданысқа енгізіледі.

С е с с и я т ө р а ғ а с ы

қалалық мәслихаттың хатшысы Е. Нәбиев